

Марайымов Е.

Өз көзіммен көргендерім/ Е.Марайымов //Егемен Қазақстан. - 2005. - 19 наурыз

Менің апайым Зүбәйра Оңдасынова Ебіней Бөкетовтің зайыбы еді. Сондықтан ол кісінің үйінде жиі болып тұратынмын. Алай мен жездей бір-бірімен өту-тәтті, шәй деспей өмір сүргенін көрдім. Бірінің жоғын бірі толтырып, екеуі нағыз екі жарты бір бүтін болды. Жездеміз үй шаруашылығына араласпақ түгілі, дүкеннен бірдеде сатып алуды білмейтін. Ал апайым алып келген дүние болса: "Зүке, мынауың бір жарасымды дүние екен", деп мақтап отыратын еді, жарықтық. Апайым шаруашылық мәселелерін ғана емес, Ебекеңе үйде жұмыс істеуіне де барлық жағдайды жасап, ешкімнің оған кедергі келтірмеуін қатты бақылайтын. Балалар тәрбиесі, оларға қамқорлық, бәрі-бәрі апайдың мойнында бодды. Ол кісі мұндайды өзі атқаратын дүние деп ойлап, Ебекенді ештеңеге андатпайтын. Кейде бір: "Ебекең осы үйдің квартиранты ғой", деп күліп отыратынын да естуші едім.

Жездейдің кабинетінің қалай жарақталғаны әлі күнге көз алдымда. Кірген бетте сол жақ қабырғаны тас алып кітап, қағаз шкафтары тұратын. Бөлменің күншығыс бетіндегі екі терезенің ортасында үлкен емен үстел бар еді. Бұл Ебекеңнің жұмыс орны болатын. Ғалымның неше түрлі ғылыми жаңалықтары, пікірлері, көзқарас, тұжырымдары осы үстелдің басында туды. Оған шөккен нардай болып отырған алып Ебекеңнің ірқыраған кең маңдайы, үлкен басы, аласы мол кен көзі қалың ойларға шомып, ұзақ уақыт үн-түнсіз қалатынын талай рет бақылаған едім. Үстелінің үстінде әдемі қаламсап, қобыраған көп қағаздар, қоңыр папкасы және қол сағаты жататын. Ал дәл бұрышта бөлменің температурасын көрсететін сынап-компас тұратын. Оң жақ қабырғада Ебекеңнің алып денесіне лайық үлкен кресло, одан төменірек бір мезгіл демалатын жайлы кереуеті тұрушы еді. Жездеміз аде таңғы сағат алтыдан тұрып, таңмен таласа, қызметіне кеткенше бір-екі сағат осы кабинетінде жұмыс істеп үлгеретін.

Сол жылдары Қарағанды қаласында Ебекеңнің отбасымен араласқан зиялы қауымның арасында бұрынғы обком хатшысы, қазіргі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының да отбасы болған еді. Ол кісінің аты-жөнін алғаш рет мен осы үйде естідім. Жас айырмашылықтары әжептәуір болса да көңілдері жарасқан Нүрекең жездеммен еркін сөйлесіп, емін-жарқын әзілдесіп отырғанын талай көрдім.

1986 жылы, Ебекеңнің қайтыс болғанына жылдан асқан уақытта апайымның рұхсатымен оның жұмыс бөлмесіне кірген едім. Мұндағы дүниелердің бәрі де маған таңсық, әсіресе хаттар мен құжаттарды көруді қатты ұнататынмын. Сол жолы, оқырмандарға қызғылықты екі хатты көрдім. Оның бірін сөз зергері Ғабит Мүсірепов жазыпты. Бұл 1952 жылы қазақтың тау-кен институтының 27 жастағы аспиранты Ебіней Бөкетовтің жазушының бір драмасы туралы "Социалистік Қазақстан" газетіне жазған пікіріне жауап

екен. Ғабен жас жігіттің негізгі пікірлерімен келісе отырып, кейбір артық кеткен тұстарына түрлі дәлелмен, сыпайы қарсылық білдіріпті. Міне, осы хат қазақтың үлкен жазушысы мен болашақ үлкен ғалымының алғашқы танысуы секілді. Өйткені, бұдан кейінгі хаттарында жазушы Ебекеңе "сен" деп өзіміне сөйлейді.

"Дорогой Евней!" деп басталған тағы бір қызғылықты хатты мәскеулік татар ақыны Мұстафа (тегі көрсетілмеген) жазыпты. Оның өзіміне тіл қатқанына қарағанда екеуі жақсы қарым-қатынаста болған секілді. Бұл хат 1981 жылы 25 қазанда жазылған екен. Қысқаша мазмұны: "Бүгін Мәскеудің мешітінің жанына жиналған көп адамды көрдім, олардың бәрі құдайға құлшылық етуге барған. Бұрын мұнша көп адам бара бермеуші еді. Біз кемелденген социализм құрдық деп жүрсек халық оған сенбей, құдайға қайта бұрылу себебі не екен? Осы туралы сенің пікіріңді білгім келеді", депті.

Ебекеңнің оған не деп жауап бергені белгісіз, бірақ ана кісінің осындай сұрақ қойғанына қарағанда бұрын да бұл тақырыпта екеуара әңгімелер айтылған секілді. Тағы бір қызық нәрсе, Ебекең лекция оқып тұрғанда қазақ балаларына қарап ана тілінде: "Жақсы оқындар, біз мыналарды тек біліммен ғана жеңеміз", дейді екен басқаларды көрсетіп. Мұндай әңгімені маған оның талантты шікірттерінің бірі Қабылсаят Әбішев ағамыз айтып берген еді. Бұл да болса Ебекеңнің ұлтқа жаны аштынын көрсететін бір дерек.

Міне, мен қазақтың біртуар, энциклопедиялық білімі бар, дарынды ғалымы Ебекеңнің осындай қырларын білген едім.